

## Мемлекеттік қызмет паспорты

«Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің паспорты

1	Көрсетілетін қызметті беруші	БҚО әкімдігі
2	Көрсетілетін қызметті тұтынушылар	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі
3	Көрсетілетін қызметтің нысаны	Қағаз
4	Көрсетілетін қызметті ұсыну орны	Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 45/1
5	Көрсетілетін қызметті ұсыну тәртібі	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының діни саласындағы функцияларды жүзеге асыратын тиісті құрылымдық бөлімшілеріне құжаттарды береді. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.
6	Қажетті құжаттар	<p>1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін салыстырып тексеру мақсатында құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып – діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесі.</p> <p>Ескертпе:* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлға өз қызметін тоқтатқанға дейін жарамды болып табылады;</p> <p>3) көрсетілетін қызмет алушықол қойған діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуы туралы еркін нысандағы негіздеме-анықтама (сауда, қосалқы, әкімшілік-шаруашылық үй-жайлардың бар-жоғы, саны, сондай ақ, үй-жайдың пайдалану мақсаты діни әдебиеттерді, діни мазмұндағы өзге де ақпаратты, діни мақсаттағы заттарды қабылдауға, сақтауға және сатылымға қоюға әзірлеуге арналғандығы; үй-жайды салу мақсаты; үй-жай орналасқан үйлерден (ғимараттан) үш жүз метр қашықтықта рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер ғимараттары, білім беру ұйымдары ғимараттары жоқ екендігі көрсетілген);</p> <p>4) жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының көшірмесімен қоса, құқық белгілеуші құжаттың көшірмесі және жер учаскесінің сәйкестендіру құжатының көшірмесі, нотариалды куәландырылған не салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылады;</p> <p>5) меншік иесінің үй-жайды діни әдебиеттерді және діни мазмұндағы өзге ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін пайдалануға рұқсат етуге келісуі туралы хаты (ғимарат жалға алынған жағдайда ұсынылады).</p>
7	Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу тәртібі	өтеусіз
8	Көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі	құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап – күнтізбелік 30 (отыз) күн;
9	Көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі	діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы көрсетілетін қызметті берушінің шешімі.
10	Нормативтік-құқықтық актілер	ҚР 2011 жылғы 11 қарашадағы «Діни бірлестіктер және діни қызметі туралы» заң
11	Қосымша ақпарат	Интернет ресурстарда <a href="http://www.din-zko.gov.kz">www.din-zko.gov.kz</a> «Мемлекеттік қызмет» бөлімінде телефон 24 3054.

